

Банктердің акциялары қор биржасында листингтен өткен инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1998 жылғы 26 желтоқсан N 291. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 ақпанда N 696 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 қарашадағы N 427 ~V011770 қаулысымен.

Банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ұсынылған Банктердің акциялары қор биржасында листингтен өткен инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ) бірлесіп Банктердің акциялары қор биржасында листингтен өткен инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Банктердің акциялары қор биржасында листингтен өткен инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 26 желтоқсандағы
N 291 қаулысымен бекітілген

Банктердің акциялары қор биржасында листингтен өткен
инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды
тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Заң күші бар Жарлығының, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ , "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Z970082_ Қазақстан Республикасы Зандарының, басқа да заң және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) акциялары қор биржасында листингтен өткен инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - листинг компаниялары) жарғылық капиталына қатысу шарттарын және банктердің осындай қатысуы туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ақпарат беру тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде сақтандыру рыногын, бағалы қағаздар рыногын, инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілерінде анықтамасы берілген ұғымдар қолданылады.

2. Қаржылық рыноктың инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын және/ немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сонымен қатар осы ұйымдардың кепіл ретінде қабылданған акциялары кепіл туралы шарттың талаптарына сәйкес оларды банк сатқанға дейін банктердің меншігіне айналып кететін жағдайлардағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына банктердің қатысуына шек қойылмайды.

3. Банктердің заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялар пакеті мен қатысу үлестерін (қатысушылардың салымдарын) өкілетті басқаруы

бойынша талаптар, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына банктердің қатысуына қойылатын талаптар Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандарттарға көшіру бағдарламасына сәйкес банктердің бірінші тобына енгізілген не осы бағдарламаның жүзеге асырылуын реттейтін Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және осы Ережеде белгіленген талаптарға сай табысты аяқтаған банктер ғана инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, сонымен қатар листинг компанияларының акцияларына (бір эмитенттің акцияларының жалпы санының он бес проценттен аспайтын мөлшерінде) тікелей немесе жанама иеленуге, өкімдік жүргізуге және/немесе оларды басқаруға (жарғылық капиталға қатысуға) құқылы.

5. Банк инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, сонымен қатар листинг компанияларының жарғылық капиталына қатысуға құқылы, ол үшін бір заңды тұлғаның жарғылық капиталға осылай қатысуы банктің өз капиталының 10%-нен аспауға тиіс.

6. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салынған банк ақшасының осы Ереженің 5-тармағында белгіленген шектегі сомасы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтері туралы ереженің талаптарына сәйкес пруденциалдық нормативтер есептеп шығарылғанда банктің меншікті капиталынан алынады.

7. Инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, листинг компанияларының акцияларын алған банктер акцияларды сатып алғаннан кейін үш күннің ішінде Ұлттық Банкке осы туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) тапсыруға міндетті.

8. Банктің хабарламасында мыналар болуға тиіс:

- акцияларын банк сатып алған ұйымның атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны;

- осы ұйымның жарғылық капиталынан банк сатып алған акциялардың (процентпен көрсетілген) үлесі;

- осы ұйымның жарғылық капиталына салған ақша сомасы;

- осы Ережеде ескерілген басқа да мәліметтер.

9. Банк инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және листингтік компаниялардың акцияларының елу және одан да көп процентін сатып алған жағдайда, банк пен осы ұйымның өзара қарым-қатынас жасау принциптері мен тәртібін ашып көрсететін құжатты хабарламамен бірге Ұлттық Банкке тапсырады.

10. Банктің инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының және листинг компанияларының жарғылық қорына қатысуы оның қаржылық жағдайын айтарлықтай нашарлатуға әкеліп соғатын болса, Ұлттық Банк мұндай қатысуға шек қоюға (тыйым салуға) құқылы.

2-тарау. Банктердің инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына қатысу шарттары мен негіздемелері

11. Банк инвестициялық қордың аффилиирленген адамы болса, мұндай қордың бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі кәсіптік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның жарғылық қорына қатысуына құқы жоқ.

12. Егер банк осы қорды аффилиирленген адамы болып саналса, ол инвестициялық қордың кастодианы бола алмайды.

13. Инвестициялық қордың елу проценттен астам акцияларын сатып алған банк қажетті қаржылық (регуляторлық) есептен басқа Ұлттық Банкке біріктірілген негізде бухгалтерлік, статистикалық және өзге есепті тапсырады.

14. Банк пруденциалдық нормативтерді және Ұлттық Банк белгілеген басқа да нормалар мен лимиттерді банк балансы есебінің, әрі біріктірілген негіздегі баланстық есеп көрсеткіштерінің негізінде есептеп шығарады.

3-тарау. Банктердің листинг компанияларының жарғылық қорына қатысу шарттары

15. Банктер осы Ереженің талаптарын ескере отырып, акциялары қор биржасында листингтен өткен бір заңды тұлғаның он бес проценттен аспайтын акцияларын сатып алуға құқылы.

16. Банктер Биржада сатылатын бағалы қағаздардың ресми тізіміне сәйкес, бағалы қағаздар листингін реттейтін Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының нормативтік құқықтық актісіне сай "А" (бірінші) және "В" (екінші) санаттағы листинг компаниясы мәртебесі бар ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

17. Ұйымның кепілге қабылдаған акциялары шарттың талаптарына сәйкес

банктің меншігіне өткен соң оларды банк үш айдың ішінде сатуға тиісті жағдайды ескермегенде, бағалы қағаздар листингін реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес қор биржасында қайта листинг өткізілген акциялар бойынша ұйымдардың акцияларын тікелей немесе жанама иеленуге, нұсқау беруге және/немесе басқаруға құқығы жоқ.

18. Листинг компаниясының акцияларын сатып алған (жарғылық капиталға қатысатын) банк акция сатып алғаннан кейінгі (жарғылық капиталға өзінің үлесін салғаннан кейінгі) үш күннің ішінде Ұлттық Банкке тиісті хабарлама тапсыруға міндетті.

4-тарау. Қорытынды ережелер

19. Осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда, Ұлттық Банк қолданылып жүрген заңдарда көзделген шектеулі ықпал ету шараларын және/немесе санкция қолдануға құқылы.

20. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.